

**"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 13 наурыздағы № 237 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 14, 168-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың 3), 5), 6), 8), 9), 11), 12) тармақшалары алынып тасталсын; көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ереже осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасының</i>
	<i>С. Ахметов</i>	
Қазақстан	Республикасы	
Үкіметінің		
2013	жылғы	13
№ 237	қаулысына	наурыздағы
қосымша		
Қазақстан	Республикасы	
Үкіметінің		
2005	жылғы	6
№ 310	қаулысымен	сәуірдегі
бекітілген		

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ереже**

**1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі – реттелетін салаларда, атап айтқанда агроөнеркәсіптік кешен, ауыл шаруашылығы, егіншілік, тұқым шаруашылығы және астық нарығын реттеу, мақта саласы, өсімдік шаруашылығында

міндетті сақтандыруды мемлекеттік қолдау, өсімдіктерді қорғау және олардың карантині, ветеринария, сусындарды (алкогольді өнімдер мен этил спиртінен басқа) қоса алғанда, тамақ өнімдерін өндіру бөлігінде өңдеу өнеркәсібі, агроөнеркәсіптік кешенді техникалық жарақтандыру, мал шаруашылығы, мелиорация, ирригация және дренаж, ауыл шаруашылығы ғылымы саласында, биоотын өндірісін мемлекеттік реттеу саласында басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде өзінің құзыретіне жатқызылған қызмет саласында (бұдан әрі – реттелетін сала) мемлекеттік органдарды салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылады.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің мынадай ведомстволары бар:

1) «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті» мемлекеттік мекемесі;

2) «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті» мемлекеттік мекемесі.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің құрылымы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің орналасқан жері: 010000, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Кенесары көшесі, 36.

10. Мемлекеттік органның толық атауы – «Қазақстан Республикасы Ауыл

шаруашылығы министрлігі» мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне кәсіпкерлік субъектілерімен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

14. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің миссиясы – мемлекеттің агроөнеркәсіптік кешендегі саясатын тиімді қалыптастыру және іске асыру арқылы бәсекеге қабілетті агроөнеркәсіптік кешен құру.

15. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) мемлекеттің аграрлық саясатын, реттелетін салалардағы стратегиялық жоспарларды, мемлекеттік және өзге де бағдарламалар мен жобаларды қалыптастыру;

2) бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы тауарының өндірісін құрудың негіздерін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігін және жұмылдыру өзірлігін қамтамасыз ету;

3) агроөнеркәсіптік кешенді ақпараттық-консультативтік қамтамасыз ету;

4) реттелетін салаларда салааралық үйлестіруді және мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру;

5) өз құзыреті шегінде өзге мемлекеттік органдардың қызметіне әдістемелік басшылықты жүзеге асыру;

6) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

16. Орталық аппараттың функциялары:

1) мынадай салаларда мемлекеттік саясатты қалыптастырады:

агроөнеркәсіптік кешен;

астық нарығы;

өсімдіктер карантині;

- 2) мынадай салаларда халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады:  
асыл тұқымды мал шаруашылығы;  
өсімдіктерді қорғау және олардың карантині;  
бал ара шаруашылығы;  
тұқым шаруашылығы;  
ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі;  
машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі;
- 3) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытудың салалық бағдарламаларын, асыл тұқымды, оның ішінде тектік қоры шектеулі малдардың тектік қорын сақтау мен пайдаланудың салалық бағдарламаларын әзірлейді;
- 4) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында мемлекеттік ғылыми-техникалық бағдарламалар әзірлеуді жүзеге асырады;
- 5) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында ақпараттық қамтамасыз ету жүйелерін әзірлеуді жүзеге асырады;
- 6) жануарларды бағалау, асыл тұқымдық құндылығын бағалау және өсімін молайту жөніндегі нұсқаулықтар әзірлеуді жүзеге асырады;
- 7) асыл тұқымды өнімді (материалды) бағалауға және генетикалық бақылауға арналған әдістемелер мен техникалық құралдар әзірлеуді жүзеге асырады;
- 8) жануарларды бағалау, асыл тұқымдық құндылығын бағалау және өсімін молайту жөніндегі нұсқаулықтарды бекітеді;
- 9) тұқым стандартын бекітеді;
- 10) асыл тұқымды мал зауыттарын, асыл тұқымды мал шаруашылықтарын және асыл тұқымды мал репродукторларын бағалаудың ең төменгі көрсеткіштерін әзірлейді;
- 11) өз құзыреті шегінде мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктерді сынақтан және байқаудан өткізуді жүргізу мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;
- 12) асыл тұқымдық өнімнің (материалдың) барлық түрлеріне асыл тұқымдық куәліктердің нысандарын және оларды беру тәртібін әзірлейді;
- 13) асыл тұқымды мал мәртебесін беру тәртібін әзірлейді;
- 14) Қазақстан Республикасының Асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы және асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі инспекторлар туралы ережені әзірлейді және бекітеді;
- 15) асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспектор актілерінің нысандарын, оларды жасау және беру тәртібін әзірлейді және бекітеді;
- 16) асыл тұқым кітабын жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 17) асыл тұқымды жануарлардың мемлекеттік тіркелімін жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

18) экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымды өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану тәртібі туралы ережені әзірлейді және бекітеді және оны тануды жүзеге асырады;

19) мал шаруашылығы салалары бойынша асыл тұқымды өнімді (материалды) есепке алу нысандарын әзірлейді;

20) отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін асыл тұқымдық өнімге (материалға) қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында басымды тәртіппен субсидиялауға жататын мал тұқымдарының тізбесін әзірлейді және бекітеді;

21) жеке және заңды тұлғалардың асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту, асыл тұқымды, оның ішінде тектік қоры шектеулі малдың тектік қорын сақтау және пайдалану бағдарламалары шеңберінде бюджет қаражаты есебінен сатып алынған асыл тұқымды малды пайдалану тәртібін әзірлейді;

22) селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасын жүргізу тәртібін әзірлейді және бекітеді;

23) асыл тұқымдық өнімнің (материалдың) әрбір түріне субсидиялар нормативтерін әзірлейді;

24) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту бағдарламалары бойынша субсидиялау тәртібін әзірлейді;

25) өсімдіктер карантині саласында қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізуді ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

26) мемлекеттік өсімдіктер карантині инспекторлары туралы ережелерді бекітеді;

27) зарарсыздандыруға немесе қайта өңдеуге жатпайтын карантиндік объектілермен залалданған карантинге жататын өнімді алып қою және жою қағидаларын әзірлейді;

28) әкелінетін карантинге жататын өнімге қойылатын фитосанитариялық талаптарды әзірлейді;

29) карантинге жататын өнім тізбесін әзірлейді;

30) ғылыми-зерттеу ұйымдарымен бірлесіп, халықаралық нормалар мен ұсынымдардың талаптарын ескере отырып, фитосанитариялық тәуекелді бағалаудың ғылыми қағидаттарының негізінде карантиндік шараларды әзірлейді;

31) нысанды киім (погонсыз) киіп жүруге құқығы бар лауазымды тұлғалардың тізбесін, нысанды киім (погонсыз) үлгілерін және оны киіп жүру тәртібін айқындайды;

32) өз құзыреті шегінде мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің, сондай-ақ олармен құпияланған мәліметтердің қорғалуын қамтамасыз етеді;

33) ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдығының лизингін ұйымдастыру, селекцияны және тұқым шаруашылығын, дәнді дақылдарды өсіру технологияларын дамыту, топырақ құнарлылығын сақтау, өсімдіктер қорғау және карантині бойынша бағдарламаларды әзірлейді;

34) астық өндірушілерін қорғауға демпингке қарсы шараларды қолдану жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді;

- 35) астық қолхаттарын бере отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді;
- 36) Қазақстан Республикасының астық туралы заңнамасының талаптарын бұзуды жою туралы нұсқаманың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулының нысандарын бекітеді;
- 37) астық сапасын сараптау тәртібіне және астық сапасы паспортын беруге қойылатын талаптарды әзірлейді;
- 38) астық және оның тіршілік ету циклі процестері бойынша техникалық регламенттер әзірлейді;
- 39) астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу қағидаларын әзірлейді;
- 40) астық сақтау қағидаларын әзірлейді;
- 41) астық қолхаттарын беру, айналымы және оны өтеу қағидаларын әзірлейді;
- 42) астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды жүргізу қағидаларын әзірлейді;
- 43) электрондық астық қолхаттары жүйесін пайдалану қағидаларын әзірлейді;
- 44) астық нарығының мониторингін жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 45) мемлекеттік астық инспекторлары туралы ережелерді әзірлейді және бекітеді;
- 46) астық қабылдау кәсіпорындары есептілігінің үлгілік нысандарын әзірлейді және бекітеді;
- 47) астық қолхаты жазылатын бланкілерге, оларды шығару, сатып алу, сақтау және жою тәртібіне, сондай-ақ астық қолхаттарының үлгілеріне қойылатын талаптарды әзірлейді;
- 48) астық қабылдау кәсіпорнын тексеру актісінің нысандарын әзірлейді және бекітеді;
- 49) облыстар бөлінісінде мемлекеттік астық ресурстарына астық сатып алу квотасын әзірлейді және бекітеді;
- 50) агент пен отандық астық өндіруші, сондай-ақ агент пен астық экспорттаушы арасындағы мемлекеттік астық ресурстарына астық жеткізу шартының үлгілік нысандарын әзірлейді және бекітеді;
- 51) ішкі нарықты реттеу мақсатында агент пен астықты қайта өңдеу ұйымы арасындағы мемлекеттік сатылатын және мемлекеттік тұрақтандыру астығы ресурстарынан астық жеткізу шартының үлгілік нысандарын әзірлейді және бекітеді;
- 52) астықты қайта өңдеу және нан пісіру ұйымдары арасындағы мемлекеттік сатылатын және мемлекеттік тұрақтандыру астығы ресурстарының астығынан өндірілген ұнды өткізу шартының үлгілік нысандарын әзірлейді және бекітеді;
- 53) астықты экспорттаушының мемлекеттік астық ресурстарына астық жеткізу жөніндегі міндеттемелерін сақтауы және оны астықты экспорттаушыға беру туралы растау нысандарын әзірлейді және бекітеді;
- 54) астық қабылдау кәсіпорны мен астық иесі арасындағы жария шарттардың үлгілік нысандарын әзірлейді;

55) астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорларын құруға, жұмыс істеуіне және таратуға қойылатын талаптарды, астық қабылдау кәсіпорындарының астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесіне қатысу шарттарын, астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорының (қорларының) кепілдіктерін алу тәртібін, астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорының (қорларының) астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді өтеу тәртібін әзірлейді;

56) бал ара шаруашылығын дамытудың салалық бағдарламаларын әзірлеуді ұйымдастырады ;

57) бал араларын қорғауға және өсімін молайтуға бағытталған ғылыми зерттеулерді ұйымдастыруды жүзеге асырады ;

58) бал араларын Қазақстан Республикасында тұқымдық аудандастыру жоспарын бекітеді ;

59) бал шырынды өсімдіктерді өңдеу үшін қолданылатын өсімдіктерді қорғау құралдарының, минералдық тыңайтқыштардың және басқа да препараттардың тізбесін бекітеді ;

60) өсімдіктерді қорғау саласындағы бағдарламаларды әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынады ;

61) аса қауіпті зиянды организмдердің тізбесін әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынады ;

62) өсімдіктерді қорғау саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулерге тапсырыстардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады және үйлестіреді ;

63) өсімдіктерді қорғау саласында қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізуді ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды, зерттеулер нәтижесінде әзірленген фитосанитариялық іс-шараларды жүзеге асыру тәртібін және тәсілдерін регламенттейтін әдістерді, әдістемелерді, ұсынымдарды бекітеді ;

64) пестицидтер (улы химикаттар) айналымы саласындағы техникалық регламенттерді әзірлейді ;

65) пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу, пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольді және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді ;

66) пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу, өндірістік сынақтарын жүргізу және мемлекеттік тіркеу қағидаларын әзірлейді ;

67) пестицидтер (улы химикаттар) тізімін әзірлейді және бекітеді ;

68) фитосанитариялық іс-шараларды жүзеге асыру жөніндегі ұсынымдар мен әдістемелік нұсқауларды бекітеді ;

69) Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау саласындағы заңнамасына сәйкес хаттамалар мен нұсқамалардың нысандарын, сондай-ақ оларды жасау және

шығару тәртібін бекітеді;

70) фитосанитариялық нормативтерді, фитосанитариялық есепке алу нысандарын, сондай-ақ оларды ұсыну тәртібін әзірлейді;

71) ведомстволық статистикалық байқаулар бойынша статистикалық әдіснаманы әзірлейді;

72) фитосанитариялық іс-шараларды жүзеге асыру тәртібін, тәсілдерін регламенттейтін әдістерді, әдістемелерді, ұсынымдарды бекітеді, өсімдіктерді қорғау саласында қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізуді ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды, сондай-ақ өсімдіктерді қорғау бойынша мамандарды даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі оқыту бағдарламаларын (оқу бағдарламаларын) келіседі;

73) қоршаған ортаны қорғау және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісім бойынша пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыру тәртібін, сондай-ақ арнайы сақтауыштарды (көмбелерді) тиісті жай-күйде ұстау шарттарын айқындайды;

74) жануарлардың аса қауіпті ауруларының профилактикасы мен диагностикасы жөніндегі бағдарламаларды әзірлейді;

75) ветеринариялық ғылыми зерттеулерді және ветеринария саласындағы мамандарды қайта даярлауды ұйымдастырады;

76) профилактикасы, диагностикасы және оларды жою бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың аса қауіпті ауруларының тізбесін әзірлейді;

77) профилактикасы және диагностикасы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың аса қауіпті ауруларының тізбесін облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының ұсынуды бойынша бекітеді;

78) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларды және ветеринария саласындағы басқа да нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді;

79) ветеринария саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді;

80) жеткілікті ғылыми негіздемеге негізделген және жануарлар мен адам өмірі және денсаулығы үшін салдарларды ескере отырып, сондай-ақ халықаралық талаптарға сәйкес келетін ветеринариялық нормативтерді бекітеді;

81) ветеринария саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды аттестаттау қағидаларын әзірлейді;

82) ветеринария саласында техникалық регламенттерді әзірлейді;

83) ветеринариялық препараттардың республикалық запасын қалыптастыру, пайдалану және есептен шығару тәртібі мен нормативтерін бекітеді;

84) ветеринариялық препараттарды, жемшөп және жемшөптік қоспаларды пайдалану кезінде оларды есептен шығару, сондай-ақ оларды сақтау мерзімдері



өткеннен кейін жою немесе зертханалық зерттеу нәтижелері бойынша мақсатына қарай пайдалануға жарамсыз деп тану тәртібі мен нормативтерін бекітеді;

85) ветеринария саласындағы орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді Қазақстан Республикасының аумағында тасымалдауды (орнын ауыстыруды) жүзеге асыру тәртібін әзірлейді;

86) тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, ветеринария саласындағы орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру тәртібін әзірлейді;

87) жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп және жемшөптік қоспаларды өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру тәртібін әзірлейді және береді;

88) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің және биологиялық материалдың сынамаларын іріктеу қағидаларын әзірлейді;

89) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерін ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықты бекітеді;

90) ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдардың бөлімшелері туралы үлгілік ережені әзірлейді;

91) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру тәртібін әзірлейді;

92) процессингтік орталықтың жұмыс істеу қағидаларын әзірлейді;

93) лазерлік станцияларды, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдар (құралдар) мен атрибуттарды және оларды өндірушілерді тіркеу қағидаларын әзірлейді;

94) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорды қалыптастыру мен жүргізу және одан үзінді көшірмелер беру қағидаларын бекітеді;

95) кейіннен өткізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларын союды ұйымдастыру тәртібін әзірлейді;

96) ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) нормаларды, бірдейлендіру есебін қоса алғанда, ветеринариялық есеп және есептілік нысандарын әзірлейді және бекітеді;

97) бірдейлендіру есебін қоса алғанда, ветеринариялық есепке алу және есептілікті жүргізу, ұсыну тәртібін әзірлейді;

98) ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын ветеринар мамандарды тіркеуді жүргізу тәртібін әзірлейді және бекітеді;

99) жануарларды өсіруді, өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды әзірлейді;

100) жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (малды сою),

сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды әзірлейді;

101) ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөптік қоспаларды өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды әзірлейді;

102) ветеринариялық құжаттарды беру тәртібін және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарды әзірлейді;

103) жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шараларды жүргізу жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлейді және бекітеді;

104) жаңадан жетілдірілген ветеринариялық препараттарға, жемшөптік қоспаларға нормативтік-техникалық құжаттамаларды келісу тәртібін әзірлейді және бекітеді;

105) өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринариялық дәрігерлерін аттестаттау тәртібін әзірлейді;

106) ветеринария саласындағы нұсқамалардың нысандарын, оларды жасау мен беру тәртібін бекітеді;

107) аумақтарды аймақтарға бөлу тәртібін айқындайды;

108) ветеринариялық препараттар, жемшөп және жемшөптік қоспалар қауіпсіздігінің мониторингін жүргізу тәртібін белгілейді;

109) мемлекеттік ветеринариялық қадағалаудың орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерін диагностикалау немесе ветеринариялық-санитариялық сараптау нәтижелері бойынша ветеринариялық зертханалардың сараптау актілерін беру тәртібін белгілейді;

110) ветеринариялық бақылау бекеттеріндегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың нысанды киім (погонсыз) үлгісін және оны киіп жүру тәртібін бекітеді;

111) ветеринариялық препараттар, жемшөп және жемшөптік қоспалар қауіпсіздігінің мониторингін жүзеге асыру қағидаларын бекітеді;

112) ветеринариялық бақылау бекеттеріндегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторларды нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормаларын әзірлейді;

113) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өтуі кезіндегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру тәртібін әзірлейді;

114) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау туралы ережені әзірлейді;

115) ветеринариялық препараттардың, жемшөп пен жемшөп қоспаларының және (немесе) антибиотиктері, гормондары және биологиялық стимуляторлары бар ветеринариялық препараттардың, жемшөп пен жемшөп қоспаларының серияларының (

партияларының) ветеринариялық нормативтердің талаптарына сәйкестігін айқындау тәртібін белгілейді;

116) селекция, сорттық сынау және тұқым шаруашылығы жөніндегі ғылыми-техникалық бағдарламаларды әзірлейді;

117) Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының тұқымдарын өндіру және өткізу көлемдерін болжайды;

118) тұқым шаруашылығы саласында ғылыми кадрларды даярлау және қайта даярлау бағдарламаларын әзірлейді;

119) техникалық реттеу және метрология жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға тұқым шаруашылығы саласындағы стандарттау жөніндегі қолданыстағы мемлекеттік стандарттарды және басқа да нормативтік құжаттарды жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді;

120) бірегей және элиталық тұқымды, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымды өндірушілерді, тұқым өткізушілерді, тұқым сараптамасы жөніндегі зертханаларды аттестаттау тәртібін әзірлейді;

121) патент қабілеттілігі мен шаруашылықта пайдалылығы мемлекеттік сынау немесе өтініш берушінің деректері бойынша бағаланатын өсімдіктер тектері мен түрлерінің тізбелерін әзірлейді;

122) сорттық егістерді байқаудан өткізуді жүргізу тәртібін бекітеді;

123) тұқым шаруашылығының аттестатталған субъектілері үшін субсидиялауға жататын бірегей тұқымдарды өндірудің және элиталық тұқымдарды өткізудің жыл сайынғы квоталарын белгілеу тәртібін бекітеді;

124) ауыл шаруашылығы өсімдіктерін сорттық сынауды жүргізу әдістемелерін бекітеді;

125) ауыл шаруашылығы өсімдіктерін сорттық сынау мәселелері жөніндегі республикалық комиссия туралы ережені бекітеді;

126) сорттық және тұқымдық бақылауды, жерге егіп бағалауды, зертханалық сорттық сынауларды, тұқым сапасын сараптауды жүзеге асыру тәртібін әзірлейді;

127) сорттық сынау, тұқым шаруашылығы мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді және тұқымға арналған құжаттама нысандарын әзірлейді және бекітеді;

128) тұқым шаруашылығы саласындағы техникалық регламенттерді әзірлейді;

129) бастапқы, элиталық және өнеркәсіптік (жаппай) тұқым шаруашылығын жүргізудің схемалары мен әдістерін әзірлейді және бекітеді;

130) Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін және ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің перспективалы сорттарының тізбесін бекітеді;

131) Қазақстан Республикасының тұқым шаруашылығы туралы заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалардың, әкімшілік құқық

- бұзушылық туралы хаттаманың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулының нысандарын бекітеді;
- 132) сорттардың оригинаторларын тіркеу қағидаларын бекітеді;
- 133) тұқымдарды өндірудің технологиялық талаптарын, схемаларын, олардың сандық және сапалық сақталуын қамтамасыз ететін тұқымдарды сақтау және өткізу қағидаларын бекітеді;
- 134) сорт жаңарту және сорт ауыстыру тәртібі мен мерзімдерін белгілейді;
- 135) ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдарын дайындауды, өңдеуді, сақтауды және пайдалануды ұйымдастыру тәртібін айқындайды;
- 136) патент беруге арналған қорытындымен қоса, сорт сипаттамасының, сорттың патент қабілеттілігі туралы қорытындының нысандарын белгілейді;
- 137) аттестатталған тұқым шаруашылығы субъектілері сәйкес болуы тиіс біліктілік талаптарын белгілейді;
- 138) тұқым шаруашылығы саласында аттестатталған әрбір субъекті үшін бірегей тұқымдар бойынша субсидиялауға жататын тұқымдардың әрбір түрі бойынша жыл сайынғы квоталарды айқындайды;
- 139) әрбір әкімшілік-аумақтық бірлік үшін элиталық тұқымдар бойынша субсидиялауға жататын тұқымдардың әрбір түрі бойынша жыл сайынғы квоталарды айқындайды ;
- 140) «Тұқым шаруашылығы туралы» 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 20) тармақшасына сәйкес айқындалатын квоталар шегінде субсидиялауға жататын тұқымдарды өткізудің шекті бағасын белгілейді ;
- 141) бақылау функцияларын жүзеге асыруы үшін қажетті ақпарат пен құжаттардың нысаны мен сақтандырушының, сақтанушының, агенттің және қоғамның оларды ұсыну мерзімдерін белгілейді ;
- 142) өсімдік шаруашылығын дамыту үшін құқықтық және экономикалық жағдайларды жетілдіреді ;
- 143) республикадағы және шетелдегі өсімдік шаруашылығы саласы жай-күйінің ахуалын зерделейді ;
- 144) өсімдік шаруашылығы саласындағы мемлекеттік және өзге де бағдарламаларды әзірлейді ;
- 145) егістердің жойылу алаңдарын айқындау әдістемесін әзірлейді және бекітеді;
- 146) техникалық регламенттерді әзірлеу, стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды өзекті ету және біріздендіру туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дайындайды және енгізеді;
- 147) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды және іске асыруды жүзеге асырады;
- 148) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөніндегі

к е н е с т е р қ ұ р а д ы ;

149) уәкілетті органға мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру жөніндегі а қ п а р а т т ы ұ с ы н а д ы ;

150) мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыратын үкіметтік емес ұйымдарға ақпараттық, консультативтік, әдістемелік қолдау көрсетеді;

151) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мемлекетаралық экономикалық байланыстардың басым бағыттарын әзірлейді;

152) агроөнеркәсіптік кешенді ғылыми қамтамасыз ету және кадрларды даярлау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

153) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру, бағалық, техникалық, кедендік, салықтық, кредиттік, сақтандыру қызметі, сондай-ақ техникалық реттеу және мемлекеттік саясат саласындағы мәселелер бойынша ұ с ы н ы с т а р е н г і з е д і ;

154) агроөнеркәсіптік кешен салаларын дамыту жөніндегі статистикалық ақпаратты т а л д а у д ы ж ү з е г е а с ы р а д ы ;

155) салалар және қызмет түрлері бойынша өндірістік-шаруашылық қызметтің жай-күйін және нәтижелерін, ауыл шаруашылығы өнімдерін және оны қайта өңдеу өнімдерін тұтыну және өндіру теңгерімдерін талдауды жүзеге асырады;

156) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің кредиттік ресурстарға қолжетімділігін жақсарту үшін агроөнеркәсіптік кешенде кредиттеуді жүзеге асыратын кредиттік серіктестіктер жүйесін дамытуға жағдайлар жасайды;

157) агроөнеркәсіптік кешенді ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз етуді ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

158) агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың мемлекеттік, салалық (секторалдық) б а ғ д а р л а м а л а р ы н ә з і р л е й д і ;

159) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін техникалық жарақтау және ауыл шаруашылығы машина жасауды дамыту жөніндегі іс-шараларды әзірлейді;

160) азық-түлік тауарларының бағалары мен нарықтарының мониторингін жүргізеді ;

161) азық-түлік қауіпсіздігі жай-күйінің мониторингін жүргізеді;

162) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту және осы саладағы мемлекеттік және салалық бағдарламаларды іске асыру мониторингін жүргізеді;

163) агроөнеркәсіптік кешен салаларын халықаралық стандарттарға көшіру жөніндегі і с - ш а р а л а р д ы ә з і р л е й д і ;

164) Қазақстан Республикасының Үкіметіне нарыққа реттеушілік әсер ету үшін мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығару туралы және мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығаруға қатысатын ұйымдардың тізбесі, шығарылатын материалдық құндылықтардың көлемі мен бағалары бойынша ұ с ы н ы с т а р е н г і з е д і ;

- 165) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің оңтайлы өзара іс-қимыл жасау нысандарын дамытады;
- 166) агроөнеркәсіптік кешен өнімдерінің тауар қозғалысы жүйесін ұйымдастырады;
- 167) мамандандырылған ұйымдарды құру, дамыту, қайта ұйымдастыру, тарату туралы ұсыныстар енгізеді;
- 168) ауыл шаруашылығы өнімінің нақты түрлерін өндіру үшін ауыл шаруашылығы алқаптарын оңтайлы пайдалану бойынша ұсынылатын өңірлердің мамандану схемаларын бекітеді;
- 169) ауыл шаруашылығы жануарларының кепілін тіркеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 170) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу қағидаларын әзірлейді;
- 171) тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдердің, монтаждalған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол құрылысы машиналары мен механизмдерінің, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналардың кепілін мемлекеттік тіркеу қағидаларын әзірлейді;
- 172) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу қағидаларын әзірлейді;
- 173) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол құрылысы машиналарын, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды басқару құқығына емтихандар қабылдау және куәліктер беру қағидаларын әзірлейді;
- 174) салалық көтермелеу жүйесін бекітеді;
- 175) субсидиялар алушы міндеттемесінің нысанын бекітеді;
- 176) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесін әзірлейді;
- 177) азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану қағидаларын әзірлейді;
- 178) ауыл шаруашылығы өнімінің нақты түрлерін өндіру үшін ауыл шаруашылығы жерлерін оңтайлы пайдалану бойынша ұсынылатын өңірлердің мамандану схемаларын әзірлейді;
- 179) уәкілетті органмен келісім бойынша мемлекеттік электрондық ақпараттық

ресурстармен өзара іс-қимыл жасайтын мемлекеттік ақпараттық жүйелерді құру және пайдалану, сондай-ақ осы ақпараттық жүйелерді қолдана отырып электрондық қызметтер көрсету тәртібін айқындайды;

180) ақпараттандыру және «электрондық үкімет» саласындағы инвестициялық жобалар мен бағдарламаларды әзірлейді және уәкілетті органмен келіседі;

181) «электрондық үкіметті» қалыптастыруды, мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар мен мемлекеттік ақпараттық жүйелерді, мемлекеттік органдардың ақпараттық-коммуникациялық желілерін дамытуды, олардың Қазақстан Республикасының бірыңғай ақпараттық кеңістігіндегі үйлесімділігі мен өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;

182) мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар мен мемлекеттік ақпараттық жүйелердің есепке алынуы мен тіркелуін, сондай-ақ депонирленуін қамтамасыз етеді;

183) мақта нарығының мониторингін жүргізу қағидаларын әзірлейді;

184) мақта қолхатының нысаны (үлгісі) мен сипатын әзірлейді және бекітеді;

185) мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі және сараптама ұйымы бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді;

186) шитті мақта сапасын сараптауды жүргізу және шитті мақта сапасы туралы куәлік беру қағидаларын әзірлейді;

187) шитті мақта сапасы туралы куәліктің нысандарын (үлгілерін) әзірлейді

188) мақта талшығы сапасы паспортының нысандарын (үлгілерін) әзірлейді;

189) мақта саласын дамыту саласындағы мемлекеттік инспекторлар туралы ережелерді әзірлейді және бекітеді;

190) мақта қолхаттарын бере отырып, қоймалық қызмет бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын сақтау мәселелері бойынша есеп құжаттарының, есептілік ұсыну мерзімдерінің тізбесі мен нысандарын әзірлейді;

191) шитті мақтаны сақтау және шитті мақтаны мақта талшығына қайта өңдеу шарттарының үлгі нысандарын әзірлейді;

192) мақта талшығының сапасын сараптауды жүргізу және мақта талшығы сапасының паспортын беру қағидаларын әзірлейді;

193) мақта қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорларының қызметі мен оларды тарату қағидаларын әзірлейді;

194) мақта өңдеу ұйымдарының мақта қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесіне қатысуы қағидаларын әзірлейді;

195) мақта қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорларының кепілдік алу қағидаларын әзірлейді;

196) мақта қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорларының міндеттемелерін өтеу қағидаларын әзірлейді;

- 197) мақтаның сандық-сапалық есебін жүргізу қағидаларын әзірлейді;
- 198) мақта тұқымының мемлекеттік ресурстарын қалыптастыру, сақтау және пайдалануды жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді;
- 199) мақта өңдеу ұйымдарына қабылдау кезінде шитті мақтаның сапасын сараптауды субсидиялау қағидаларын әзірлейді;
- 200) шитті мақтаны мақта талшығына бастапқы қайта өңдеудің технологиялық процесін ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді;
- 201) мақта өңдеу ұйымдарын уақытша басқаруды жүргізу қағидаларын әзірлейді;
- 202) мақта қолхаттарын беру, оның айналымы, күшін жою және өтеу қағидаларын әзірлейді;
- 203) кепіл туралы мәліметтері бар қойма куәлігін ұстаушының талабы бойынша мақтаны босату тәртібін айқындайды;
- 204) ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық ұйымдарда Қазақстан Республикасының атынан өкілдік етеді;
- 205) тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы салалық (секторалдық) бағдарламаларды әзірлейді;
- 206) ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі мәселелері жөніндегі консультативтік-кеңесші органдарын құрады;
- 207) ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалар мен нормативтерді, ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерді, нормативтік құжаттарды әзірлейді;
- 208) жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатқа ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу тәртібін айқындайды;
- 209) техникалық регламентті бекітуді қоспағанда, машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді;
- 210) өз құзыреті шегінде машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы техникалық регламенттерді әзірлейді;
- 211) гендерлік теңдік мәселелері жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады;
- 212) Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамасын жетілдіру бойынша уәкілетті органға және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізеді;
- 213) биоотын өндірісі бойынша өндірістік қуаттылықтардың шекті көлемдерін айқындау бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізеді;
- 214) биоотын өндірісі саласындағы ғылымды көп қажет ететін технологияларды әзірлеу жөніндегі ұсыныстар енгізеді;



- 215) өз құзыреті шегінде биоотын өндірісін мемлекеттік реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;
- 216) биоотын өндірісінің паспортын бекіту үшін қажетті мәліметтер тізбесін әзірлейді және бекітеді;
- 217) биоотын өндірісі және айналымы саласында техникалық регламенттерді әзірлейді;
- 218) биоотын өндірісінің көлемі туралы ақпаратты автоматтандырылған түрде беруді қамтамасыз ететін есепке алудың бақылау аспаптарын қолдану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 219) азық-түлік қауіпсіздігіне қатер төнген жағдайда кейіннен биоотынға қайта өңдеу үшін пайдаланылатын тамақ шикізатына квоталарды белгілеу тәртібін әзірлейді;
- 220) ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы ұсыныстарды әзірлеуге және мемлекеттік саясатты іске асыруға, тиісті салада ғылыми зерттеулерді жүргізу жөніндегі жұмысты үйлестіруге қатысады;
- 221) тиісті салада іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің басым бағыттарын қалыптастыруға қатысады;
- 222) мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды әзірлеуді ұйымдастырады және оларды тиісті салада іске асыруды жүзеге асырады;
- 223) «Ғылым туралы» 2011 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ұлттық ғылыми кеңестердің құрамына енгізу үшін кандидатуралар бойынша ұсыныстарды уәкілетті органға енгізеді;
- 224) «Ғылым туралы» 2011 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес базалық қаржыландыру субъектілерінің тізбесін қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды уәкілетті органға енгізеді;
- 225) мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, тиісті салада орындалған ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар жөніндегі есептерді бекітеді;
- 226) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға республикалық мемлекеттік кәсіпорын қызметінің мәнін және мақсатын, сондай-ақ осындай қызметті жүзеге асыратын республикалық мемлекеттік кәсіпорынның түрін (шаруашылық жүргізу құқығындағы немесе қазыналық кәсіпорын) айқындау бойынша ұсыныстар енгізеді;
- 227) республикалық мемлекеттік кәсіпорындарды дамыту жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерді «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда қарайды, келіседі және бекітеді;
- 228) Қазақстан Республикасы Үкіметінің стратегиялық объектіге ие болудың басым құқығын іске асыру туралы шешімінің жобасын әзірлейді;
- 229) ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің мұнай өнімдерімен қамтамасыз етілуін талдауды жүргізеді және оның нәтижелерін мұнай өнімдерін өндіру

саласындағы уәкілетті органға ұсынады;

230) мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы заңнаманы сақтай отырып, ұлттық қауіпсіздіктің жай-күйі және оны қамтамасыз ету бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы халықты хабардар етеді, насихаттау және насихаттауға қарсы қызметті жүргізеді;

231) ұлттық қауіпсіздік жүйесін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды енгізеді;

232) ұлттық қауіпсіздік саласындағы заңдардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз етеді;

233) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептілік, тексеру парақтары, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері нысандарына қатысты актілерді әзірлейді және бекітеді;

234) реттелетін салада кадрларға қажеттілікті айқындайды;

235) салалық жұмыс берушілер бірлестіктерімен және салалық жұмыскерлер бірлестіктерімен бірлесіп кәсіптік стандарттарды әзірлейді;

236) республикалық жұмыс берушілер бірлестіктерінің және жұмыскерлер бірлестіктерінің пікірін ескере отырып, мамандардың біліктілікке сәйкестігін растау және оны беру тәртібін бекітеді;

237) салалық жұмыс берушілер бірлестіктерінің және салалық жұмыскерлер бірлестіктерінің пікірін ескере отырып, салалық біліктілік шеңберлерін бекітеді;

238) мынадай салалардағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді:

агроөнеркәсіптік кешен;

астық нарығы;

асыл тұқымды мал шаруашылығы;

ветеринария, өсімдіктер карантині және оларды қорғау;

өсімдік шаруашылығы;

мақта саласы;

бал ара шаруашылығы;

тұқым шаруашылығы;

ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі;

биоотын өндірісін мемлекеттік реттеу.

17. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі ведомстволарының функциялары:

1) мынадай салаларда мемлекеттік саясатты іске асырады:

агроөнеркәсіптік кешен;

астық нарығы;

асыл тұқымды мал шаруашылығы;

ветеринария;

өсімдіктер карантині және оларды қорғау;  
өсімдік шаруашылығы;  
мақта саласы;  
бал ара шаруашылығы;  
ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын тамақ  
өнімдерінің қауіпсіздігі;

биоотын өндірісін мемлекеттік реттеу;

2) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган бекіткен статистикалық әдіснамаға сәйкес асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында ведомстволық статистикалық байқаулар жүргізеді және статистикалық ақпарат қалыптастыруды қамтамасыз етеді;

3) бағалау туралы деректердің мониторингін жүргізеді және оның нәтижелері туралы мүдделі тұлғаларды хабардар етеді;

4) асыл тұқымды малдың мемлекеттік тіркелімі деректерінің мониторингін жүргізеді және оның нәтижелері туралы мүдделі тұлғаларды хабардар етеді;

5) Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін жүргізеді және басып шығарады;

б) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту, асыл тұқымды, оның ішінде тектік қоры шектеулі малдың тектік қорын сақтау және пайдалану бағдарламалары шеңберінде ғылыми ұйымдармен бірлесе отырып, асыл тұқымдық орталықтардағы асыл тұқымды тұқымдық малдың тұқымдық, сапалық және сандық құрамын айқындайды;

7) «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметті бастау туралы жеке және заңды тұлғалардан хабарламалар қабылдауды жүзеге асырады;

8) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметті бастау туралы уәкілетті органды хабардар еткен жеке және заңды тұлғалар тізілімін жүргізеді және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

9) мал шаруашылығы саласындағы жаңа селекциялық жетістіктерді сынақтан және байқаудан өткізеді;

10) Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы заңнамасының орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

11) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілер көрсететін малды бағалау және өсімін молайту жөніндегі қызметтердің сапасын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

12) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердегі, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту бағдарламаларының негізінде бюджет қаражаты есебінен субсидия алған жеке және заңды тұлғалардағы селекциялық және асыл тұқымдық

жұмыстың жай-күйіне, оны есепке алуға және оның есептілігіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

13) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердің малды күтіп-бағу, азықтандыру, сондай-ақ асыл тұқымды өнімді (материалды) сақтау шарттарының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

14) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту бағдарламалары шеңберінде бюджет қаражаты есебінен сатып алынған асыл тұқымды малды жеке және заңды тұлғалардың пайдалануы тәртібіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

15) өткізілетін асыл тұқымды өнімге (материалға) берілетін асыл тұқымдық куәліктер деректерінің дұрыстығын бақылауды жүзеге асырады;

16) өткізілетін асыл тұқымды өнімге (материалға) асыл тұқымды мал зауыттары, асыл тұқымды шаруашылықтар, асыл тұқымды мал орталықтары, дистрибьютерлік орталықтар, асыл тұқымдық репродукторлар және ірі қара малдың тұқымдары бойынша республикалық палаталар беретін асыл тұқымдық куәліктерде көрсетілген деректердің дұрыстығын тексереді;

17) Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексінде көзделген тәртіппен асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды және әкімшілік жазалар қолданады;

18) өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру тәртібін, тәсілдерін регламенттейтін әдістерді, әдістемелерді, ұсынымдарды келіседі;

19) оларға қатысты өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар белгіленетін және жүзеге асырылатын карантиндік объектілер тізбесін айқындайды;

20) Өсімдіктер карантині жөніндегі бас мемлекеттік инспектордың және өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың қызметтеріне орналасуға қойылатын біліктілік талаптарын белгілейді;

21) карантинге жататын өнім транзитінің шарттарын айқындайды;

22) нысанды киім (погонсыз) киіп жүруге құқығы бар лауазымды тұлғалардың тізбесін, нысанды киім (погонсыз) үлгілерін және оны киіп жүру тәртібін айқындайды;

23) өсімдіктер карантині саласындағы жасалған келісімдерге сәйкес халықаралық нормалар мен талаптардың орындалуын қамтамасыз етеді;

24) өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін бюджет қаражаты есебінен сатып алынған пестицидтерді (улы химикаттарды) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша бөледі;

25) Қазақстан Республикасында және басқа мемлекеттерде карантиндік объектілердің бары және таралуы, олармен күрес жөніндегі шаралар мен іс-шаралар туралы дерекқорын жасайды және мүдделі тұлғаларға ақпарат ұсынады;

26) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін

пестицидтерді (улы химикаттарды), оларды сақтау, тасымалдау, қолдану жөніндегі жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады;

27) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін пестицидтер (улы химикаттар) запасын қ ұ р а д ы ;

28) карантинге жататын өнімге фитосанитариялық және карантиндік сертификаттар б е р е д і ;

29) өсімдік тектес өнімдер өсіретін, дайындайтын, қоймада сақтайтын, қайта өңдейтін және өткізетін ұйымдардың, ішкі сауда объектілерінің, шаруа немесе фермер, үй жанындағы және саяжай қожалықтарының аумағы мен үй-жайларына, ауыл шаруашылығы және басқа да мақсаттағы жерлерге тұрақты бақылау іріктеу з е р т т е у л е р і н жү р г і з е д і ;

30) өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар жүргізуді ұйымдастырады және олардың жүргізілуін бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

31) карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу немесе оны алып тастау туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Үкіметіне және жергілікті атқарушы органдарға енгізеді, сондай-ақ осы аймақтарда өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізу тәртібін әзірлейді және олардың өткізілуін мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

32) өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге а с ы р а д ы ;

33) фитосанитариялық бақылау бекеттерінде әкелінетін карантинге жататын өнімді, қажет болған кезде үлгілерді іріктей отырып, оның зертханалық сараптамасын, көлік құралдарын, қол жүгін және багажды тұрақты бастапқы карантиндік тексеріп қарауды жүргізеді және әкелінетін және транзиттік карантинге жататын өнімге карантиндік қ ұ ж а т т а р д ы қ а р а й д ы ;

34) әкелінетін карантинге жататын өнімнің түпкілікті қабылданатын пункттерінде аумақтың және оның шыққан жерінің, межелі пунктінің, сондай-ақ карантиндік объектілерден бос немесе олар мәнсіз аз таралған аймақтардың фитосанитариялық сипаттамасын ескере отырып, осы өнімді тұрақты екінші карантиндік тексеріп қарауды , қажет болған кезде үлгілерді іріктей отырып, оның зертханалық сараптамасын жүргізеді және карантиндік құжаттарын қарайды;

35) әкетілетін карантинге жататын өнімді тиеп жөнелту орындарында тұрақты карантиндік тексеріп қарауды, қажет болған кезде үлгілерді іріктей отырып, оның зертханалық сараптамасын және фитосанитариялық сертификаттауды жүргізеді;

36) фитосанитариялық бақылау бекеттерінде әкетілетін және транзиттік карантинге жататын өнімдердің карантиндік құжаттарының болуын және дұрыс ресімделуін т ұ р а қ т ы н е г і з д е қ а р а й д ы ;

37) Қазақстан Республикасының ішкі сауда объектілерінде және ұйымдарында

карантинге жататын өнімді тұрақты тексеріп қарауды, қажет болған кезде үлгілерін іріктей отырып, оның зертханалық сараптамасын жүргізеді және карантиндік құжаттарды қарайды;

38) Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасын анықталған бұзушылықтарды жою және өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды орындау туралы нұсқамалар береді және олардың орындалуын бақылайды;

39) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен және негіздерде дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың қызметіне тыйым салу немесе оны тоқтата тұру туралы сотқа талап арыз жібереді;

40) жерсіндіру-карантиндік көшеттіктердегі импорттық егу және отырғызу материалының карантиндік объектілермен және бөтен текті түрлермен көмескі залалдануының болуын тексеру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады және бақылайды;

41) жеке және заңды тұлғалардың карантиндік шараларды орындауын тұрақты бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

42) астықтың сатып алынатын бағасын белгілеу жөнінде ұсыныстар енгізеді;

43) ішкі нарықты реттеу мақсатында мемлекеттік астық ресурстарын пайдалану туралы шешім қабылдайды;

44) мемлекеттік астық ресурстарының көлемі, құрылымы, оны қалыптастыру, сақтау, жаңарту, ауыстыру және пайдалану қағидалары бойынша ұсыныстар енгізеді;

45) астық нарығының мониторингін жүзеге асырады;

46) астық нарығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады, оған қатысушылардың қызметін үйлестіреді және реттейді;

47) мемлекеттік ресурстар астығын сақтайтын астық қабылдау кәсіпорындарына және көрсетілген астық қабылдау кәсіпорындарынан астық әкетуді жүзеге асыратын көлік ұйымдарына астықтың кез келген мөлшерін тиіп жөнелтуді келіседі;

48) ішкі нарықты реттеу мақсатында мемлекеттік астық ресурстарын пайдалану туралы шешім қабылдайды;

49) астық нарығына қатысушыларында астықтың нақты болуы мен сапасын және оның есептік деректерге сәйкестігін тексереді;

50) астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды енгізу, сондай-ақ «Астық туралы» 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес уақытша басқаруды мерзіміне бұрын аяқтау туралы шешім қабылдайды;

51) астық қабылдау кәсіпорындарының: астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу; астық сақтау; астық қолхаттарын беру, айналымы және өтеу қағидаларын сақтауын бақылауды уәкілетті органның облыстық аумақтық бөлімшелерінің бастықтары бекіткен кестелердің негізіндегі тоқсан сайынғы жоспарлы тексеріс, сондай-ақ астық нарығына қатысушылардың өтініші негізіндегі жоспардан тыс тексеріс түрінде жүзеге

а с ы р а д ы ;

52) Қазақстан Республикасының астық туралы заңнамасының бұзылуы туралы н ұ с қ а м а л а р б е р е д і ;

53) астықтың қауіпсіздігін және сапасын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

54) астық сапасын сараптау және астық сапасы паспортын беру тәртібін сақтау мәніне астық сапасын сараптау жөніндегі аккредиттелген зертханалардың қызметін б а қ ы л а у д ы жү з е г е а с ы р а д ы ;

55) астық қолхаттары тізілімінің деректеріне сәйкес астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу және сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі талаптардың сақталуы мәніне астық қабылдау кәсіпорындарының қызметін инспекциялайды (тексереді);

56) «Астық туралы» 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабының 2-тармағында көзделген негіздер болған кезде астық қабылдау кәсіпорнынан астықты көліктің кез келген түрімен тиеп жөнелтуге тыйым салады;

57) мемлекеттік астық ресурстарын тиеп жөнелтілуін және тасымалдануын (орын ауыстырылуын) б а қ ы л а у д ы жү з е г е а с ы р а д ы ;

58) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын өкілеттіктер шегінде мемлекеттік астық ресурстарының басқарылуын бақылауды жүзеге асырады;

59) астықты экспорттаушылардың мемлекеттік астық ресурстарына астықты жеткізу жөніндегі міндетті сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

60) астықтың сандық-сапалық, оның ішінде мемлекеттік ресурстар астығының жай-күйін б а қ ы л а у д ы жү з е г е а с ы р а д ы ;

61) Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын сақтауы мәніне астықты экспорттаушылардың қызметін бақылауды жүзеге асырады;

62) астық қабылдау кәсіпорындарын олардың біліктілік талаптарына сәйкестігін жыл сайынғы тексеруді өткізуге қатысады;

63) астық қолхаттарын бере отырып қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияның қолданысын тоқтата тұру және (немесе) лицензиядан айыру туралы облыстың жергілікті атқарушы органына ұ с ы н ы с т а р е н г і з е д і ;

64) астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды енгізу жөніндегі ұсыныстар е н г і з е д і ;

65) астық қолхаттарын ұстаушыларға астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқару жөніндегі комиссияның құрамына енгізу үшін кандидатуралар ұсыну туралы х а б а р л а м а л а р ж і б е р е д і ;

66) Қазақстан Республикасының астық туралы заңнамасын бұзушылықтар анықталған жағдайда, астықты экспорттаушылар мен астық қабылдау кәсіпорындарына н ұ с қ а м а л а р б е р е д і ;

67) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына

- сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасайды және әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар енгізеді;
- 68) астық нарығына қатысушыларда астықтың нақты болуы мен сапасын және оның есептік деректерге сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады;
- 69) өңірлерде арнайы сақтауыштарды (көмбелерді) орналастыру орындылығын және олардың санын келіседі;
- 70) фитосанитариялық іс-шараларды жүргізуде мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың қызметін үйлестіреді;
- 71) тіркеу, өндірістік сынақтар және ғылыми зерттеулер үшін әкелінетін пестицидтердің (улы химикаттардың) санын айқындайды;
- 72) пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу, өндірістік сынақтарын және мемлекеттік тіркеуді ұйымдастырады;
- 73) пестицидтерді (улы химикаттарды) мемлекеттік тіркеуді және пестицидтерді (улы химикаттарды) Қазақстан Республикасының аумағында қолдану құқығына тіркеу куәліктерін беруді жүзеге асырады;
- 74) фитосанитариялық іс-шараларды ұйымдастырады;
- 75) пестицидтерді (улы химикаттарды), оларды сақтау, тасымалдау, қолдану жөніндегі жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырады және жүргізеді, сондай-ақ пестицидтердің (улы химикаттардың) запасын құрайды;
- 76) зиянды және аса қауіпті зиянды организмдер бойынша фитосанитариялық мониторингті ұйымдастырады;
- 77) бюджет қаражаты есебінен сатып алынған пестицидтерді (улы химикаттарды) фитосанитариялық мониторинг деректеріне және қалыптасқан фитосанитариялық жағдайға қарай Қазақстан Республикасының аумағы бойынша бөледі;
- 78) пестицидтердің (улы химикаттардың) түрлері бойынша запас нормативтерін және оларды пайдалану тәртібін белгілейді;
- 79) фитосанитариялық есептілік түрлерін, оларды ұсыну нысандары мен мерзімдерін айқындайды;
- 80) Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік фитосанитариялық бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;
- 81) жеке және заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының аумағында фитосанитариялық іс-шараларды жүзеге асыру жөніндегі нұсқамалар шығарады және олардың орындалуын бақылайды;
- 82) фитосанитариялық есепке алу мен есептілік жүргізуді ұйымдастырады;
- 83) Қазақстан Республикасының аумағында фитосанитариялық мониторинг пен фитосанитариялық іс-шаралардың жүргізілуін бақылауды жүзеге асырады;
- 84) мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілеріне барады;
- 85) жеке және заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасының анықталған бұзушылықтарын жою туралы нұсқамалар



ш ы ғ а р а д ы ;

86) айрықша жағдайларда үш күннен аспайтын мерзімде сотқа міндетті түрде талап арыз бере отырып, аталған мерзімге дара кәсіпкерлердің және заңды тұлғалардың қызметін сот шешімінсіз тоқтата тұрады немесе оған тыйым салады;

87) Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасын бұзған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жеке және заңды тұлғаларды әкімшілік жауапқа тартады;

88) селекция, сорттық сынау және тұқым шаруашылығы жөніндегі ғылыми-техникалық бағдарламаларды іске асырады;

89) мемлекеттік тұқым ресурстарын қалыптастыру мен басқаруды және олардың сандық-сапалық жай-күйін бақылауды жүзеге асырады;

90) жергілікті атқарушы органдардан ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқым шаруашылығы саласындағы қажетті ақпаратты сұратады;

91) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес тұқым шаруашылығы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды;

92) республиканың тұқым ресурстарының мониторингін жүзеге асырады;

93) республика бойынша тұқым теңгерімін жасайды;

94) гендік инженерия негізінде алынған сорттар (гендік түрлендірілген) тұқымының партияларын Қазақстан Республикасына әкелуді келіседі;

95) уәкілетті орган бекіткен сорттарды тіркеу қағидаларына сәйкес сорттардың оригиналдарын тіркейді;

96) тұқым шаруашылығы саласындағы ғылыми кадрларды даярлау және қайта даярлау бағдарламаларын іске асырады, байқаудан өткізушілер мен тұқым сарапшылары кадрларын даярлауды және біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

97) отандық және шетелдік селекция сорттарын мемлекеттік сынауды ұйымдастырады;

98) тиісті куәлікті бере отырып тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханаларды аттестаттауды өткізеді;

99) Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген селекциялық жетістіктердің Мемлекеттік тізіліміне енгізілген ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының тұқым партияларын, республиканың осы тұқымдарға деген қажеттілігі толық қамтамасыз етілген жағдайда, сондай-ақ ғылыми зерттеулерге, патент қабілеттілігі мен шаруашылыққа пайдалылығын мемлекеттік сынауға, элиталық тұқым өндіруге арналған тұқым партияларын әкетуді келіседі;

100) ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарының сорттық және егіс сапаларының сараптамасын жүргізу жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

101) субсидияланған бірегей және элиталық тұқымдардың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады;

102) сорттық және тұқымдық бақылауды жүзеге асыру, сорттық егістерді байқаудан өткізу, жерге егіп бағалау, зертханалық сорттық сынау, тұқым сапасын сараптау тәртібінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

103) тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

104) тұқым шаруашылығы субъектілерінің бастапқы, элиталық және өнеркәсіптік (жаппай) тұқым шаруашылығын жүргізудің схемалары мен әдістерін, тұқым шаруашылығы саласындағы әдістемелік және технологиялық талаптарды сақтауын мемлекеттік бақылауды, оның ішінде сорттық және тұқымдық бақылауды жүзеге асырады;

105) тұқым шаруашылығы саласында қызметті жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының тұқым шаруашылығы туралы заңнамасының бұзылғаны туралы нұсқамалар береді және әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасайды;

106) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына:

субъектінің тұқым шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыру құқығын куәландыратын аттестаттау туралы куәлігінің әрекет етуін;

ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттық егістерін байқауды жүргізу жөніндегі қызметті;

тұқымның сорттық және егістік сапасының сараптамасын жүргізу жөніндегі қызметті тоқтата тұру туралы ұсыныстар енгізеді;

107) тұқым сапасына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін тұқым партияларынан сынамалар іріктеп алуды жүргізеді;

108) субсидияланған тұқымның мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады;

109) аттестатталған тұқым өндірушілердің қызметін олардың біліктілік талаптарына сәйкестігі мәніне инспекциялауды жүзеге асырады;

110) аттестатталған тұқым шаруашылығы субъектілері көрсететін қызметтердің сапасын тексереді;

111) тұқым шаруашылығы туралы Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының және Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының сақталу мәніне мемлекеттік бақылау және олардан Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тұқым шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыру мәселелері бойынша ақпарат алу мақсатында тұқым шаруашылығының субъектілеріне барады;

112) сатылуға тиісті тұқым партиясының сынамаларын іріктеп алуды тұқым өндіруші өкілінің қатысуымен жүргізеді;

113) өсімдік шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға қатысады;

114) сақтандырушыдан, сақтанушыдан, агенттен және қоғамнан олар өздерінің

бақылау функцияларын жүзеге асыруы үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды сұратады  
ж ә н е а л а д ы ;

115) сақтанушылардың міндетті сақтандыру туралы шартты жасасудан жалтаруы туралы және Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамасының және «Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы» 2004 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын қоғамның сақтамауы туралы і с т е р д і қ а р а й д ы ;

116) өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің міндетті сақтандыру шартын жасасу жөніндегі міндеттерінің орындалуына мемлекетті бақылауды жүзеге асырады;

117) агенттің, қоғамның қызметіне, олардың Қазақстан Республикасының өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы заңнамасын сақтауын бақылауды жү з е г е а с ы р а д ы ;

118) техникалық регламенттердің жобаларын әзірлеу, мемлекеттік органдардың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ұсыныстар дайындау үшін сарапшылық к е ң е с т е р қ ұ р а д ы ;

119) стандарттар мен өзге де құжаттарды әзірлеу және оларды халықаралық нормалармен және талаптармен үйлесімдеу жөніндегі жоспарлар мен бағдарламаларды дайындауды және іске асыруды жүзеге асырады;

120) техникалық регламенттердің және олармен өзара байланысты стандарттардың ғылыми-техникалық деңгейін талдауды жүзеге асырады;

121) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен техникалық регламенттерді немесе техникалық регламенттерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар әзірлеу, стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды өзекті ету және оларды біріздендіру туралы ұсыныстар дайындауды және уәкілетті органға енгізуді жү з е г е а с ы р а д ы ;

122) техникалық регламенттерді және ұлттық стандарттарды әзірлеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды жүзеге асырады;

123) құзыретіне кіретін мәселелер бойынша техникалық регламенттердің, стандарттардың және өзге де құжаттардың қорларын жүргізуді жүзеге асырады;

124) үкіметтік емес стандарттарды әзірлеуге қатысуды жүзеге асырады;

125) үкіметтік емес стандарттар базасында ұлттық стандарттарды әзірлеуге бастамашылық етуді жүзеге асырады;

126) Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалатын тәртіппен техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың орындалуын мемлекеттік бақылауды жүзеге а с ы р а д ы ;

127) стандарттарды, нормативтерді, нұсқаулықтары, әдістемелер мен ұсынымдары әзірлеу арқылы агроөнеркәсіптік кешенді нормативтік-әдістемелік қамтамасыз етуді жү з е г е а с ы р а д ы ;

128) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы жергілікті атқарушы органдардың

қызметін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

129) агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне ақысыз негізде ұсынуға жататын ақпараттың және көрсетілетін қызметтердің тізбесін әзірлейді;

130) агроөнеркәсіптік кешен саласында мемлекеттік техникалық инспекцияны жүзеге асырады;

131) агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың мемлекеттік, салалық (секторалдық) бағдарламаларын іске асырады;

132) егістік жұмыстарын жүргізу мониторингін жүргізеді;

133) орталық атқарушы органдардың ақпараттық жүйелері мен жергілікті атқарушы органдардың ақпараттық жүйелері арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл жасау тәртібін жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп айқындайды;

134) мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарға және мемлекеттік ақпараттық жүйелерге жеке және заңды тұлғалардың қол жеткізуін ұйымдастырады;

135) мақта тұқымының мемлекеттік ресурстарын қалыптастыруды және басқаруды қамтамасыз етеді;

136) мақта нарығының мониторингін жүргізеді;

137) мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды енгізу туралы шешім қабылдайды;

138) мақта тұқымының мемлекеттік ресурстарының сандық-сапалық жай-күйін бақылауды жүзеге асырады;

139) мақта өңдеу ұйымдарының қызметтерін инспекциялауды (тексеруді) жүзеге асырады;

140) Қазақстан Республикасының мақта саласын дамыту туралы заңнамасының анықталған бұзушылықтарын нұсқамада белгіленген мерзімде жою туралы орындалуы міндетті жазбаша нұсқамалар береді;

141) мақта өңдеу ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сотқа талап арыз қояды;

142) «Мақта саласын дамыту туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 32-бабының 2-тармағында көзделген негіздер болған кезде мақтаны босатуға уақытша тыйым салады;

143) мақта қауіпсіздігі мен сапасын бақылауды жүзеге асырады;

144) аккредиттелген сынақ зертханаларының (орталықтардың) және сарапшылық ұйымының қызметін бақылауды жүзеге асырады;

145) мақта өңдеу ұйымдарының:

мақтаның сандық-сапалық есебін жүргізу;

мақта қолхаттарын беру, олардың айналымы, жою және өтеу;

мақта тұқымының мемлекеттік ресурстарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану қағидаларын сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

146) сарапшылық ұйымның мақта талшығының сапасына сараптама жүргізу және мақта талшығының сапа паспортын беру қағидаларын сақтауын жыл сайынғы бақылауды жүзеге асырады;

147) өндіріс, шитті мақтаны мақта талшығына бастапқы өңдеу, шитті мақтаны сақтау объектілеріне (қызметтік куәлігін және құқықтық статистика жөніндегі органда тіркеу туралы белгісі бар тексеріс тағайындау туралы актіні көрсеткен кезде) барады, сондай-ақ мақта нарығын мемлекеттік бақылауды және мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты алады;

148) мақта қолхаттарын бере отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру және (немесе) одан айыру туралы ұсыныстар енгізеді;

149) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы заңнамасында белгіленген талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

150) осы Заңда және техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтін машиналар мен жабдықтарды жасауды, өткізуді және олардың нарықтағы айналысын тоқтата тұру туралы нұсқамалар береді;

151) биоотын өндірісі мониторингін жүргізеді;

152) биоотын өндіретін зауыт салуға арналған техникалық-экономикалық негіздемеге салалық сараптама жүргізеді;

153) биоотын өндірісі саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

154) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның өкілін мемлекет қатысатын акционерлік қоғамның директорлар кеңесінің немесе мемлекет қатысатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің байқау кеңесінің құрамына енгізу үшін қажетті шараларды қамтамасыз етеді немесе қабылдайды;

155) тиісті саладағы мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асырады, өз құзыреті шегінде тиісті салада мемлекеттік мүлікті басқару аясындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді, бекітеді;

156) республикалық заңды тұлғалардың мүлікті сақтауын және республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының дамыту жоспарларын орындауын бақылауды жүзеге асырады;

157) тиісті салада акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың дамыту стратегияларын және дамыту жоспарларын орындауларын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

158) тиісті саладағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің дамыту жоспарларын орындауларын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

159) облыстардың жергілікті атқарушы органдарымен бірлесе отырып, ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге жеткізу үшін қажетті мұнай өнімдерінің көлемін анықтайды;

160) ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге мұнай өнімдерін жеткізу көлемдері туралы ұсыныстарды мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті органға

е н г і з е д і ;

161) ветеринариялық іс-шараларды жүзеге асыру жөніндегі ұсынымдар мен әдістемелік нұсқауларды келіседі;

162) жануарлардың аса қауіпті ауруларының профилактикасы, диагностикасы және оларды жою жөніндегі ветеринариялық іс-шараларды бекітеді, ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

163) ветеринариялық препараттардың, жемшөп пен жемшөптік қоспалардың ветеринариялық нормативтердің талаптарына сәйкестігін айқындау мақсатында олардың қауіпсіздігінің мониторингін жүзеге асырады;

164) жануарлардың аса қауіпті ауруларының профилактикасы және диагностикасы бойынша бағдарламаларды іске асырады;

165) ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөптік қоспаларды, аспаптарды, құрал-саймандарды байқаудан өткізуді, бақылауды, оларды тіркеу сынақтарын жүзеге асырады, ветеринариялық препараттардың, жемшөп және жемшөптік қоспалардың Мемлекеттік тізілімін жүргізеді;

166) эпизоотологиялық тексеру актісін береді;

167) жеке және заңды тұлғаларға экспорттау, импорттау және транзиттеу еліндегі эпизоотиялық ахуал туралы ақпарат ұсынады;

168) жаңа ветеринариялық препараттарға, жемшөп пен жемшөптік қоспаларға қорытындылар береді;

169) тиісті аумақтағы эпизоотиялық ахуалды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсаттар береді;

170) жеке және заңды тұлғаларға жаңа, жетілдірілген ветеринариялық препараттарға, тамақ өнімін, жемшөп және жемшөптік қоспаларды өндіруге арналған нормативтік-техникалық құжаттаманы келіседі;

171) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ветеринариялық препараттарды және оларды сақтау, тасымалдау (жеткізу) және пайдалану жөніндегі қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады;

172) ветеринариялық препараттардың республикалық қорын мемлекеттік сатып алуды, сақтауды, пайдалануды және есептен шығаруды ұйымдастырады;

173) жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерін, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп және жемшөптік қоспаларды өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарды пайдалануға қабылдайтын мемлекеттік комиссияларға қатысады;

174) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар жоспарын келіседі;

175) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ветеринариялық мақсаттағы

препараттар өндірісін лицензиялауды жүзеге асырады;

176) жануарлар ауруларының пайда болуы мен таралуын және олардың улануының себептері мен шарттарын анықтайды және белгілейді;

177) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

178) шекаралық және кедендік пункттерде (Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде) Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы тасымалданатын (орны ауыстырылатын) объектілерді тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде ветеринариялық бақылау бекеттерін ұйымдастырады;

179) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың орындалуын мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүргізеді;

180) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау жүргізу туралы және орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің импортына рұқсат беретін ұйымдарды айқындау туралы шешім шығарады;

181) ұйымдарда ветеринария саласында пайдаланылатын жануарлар ауруларын қоздырушы штаммдардың пайдаланылуын, тасымалдануын (жеткізілуін), сақталуын және жойылуын мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

182) Қазақстан Республикасының аумағын басқа мемлекеттерден әкелінетін жануарлардың жұқпалы және экзотикалық аурулардың енуі мен таралуынан қорғауды ұйымдастырады;

183) жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын сақтауын мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

184) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақыланатын және қадағаланатын жүктерді Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде шекаралық және кедендік пункттерде (Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде) дайындау (сою), пайдалану бойынша, сондай-ақ жануарлар мен құстардың аса қауіпті аурулары бойынша карантиндік аймақтарда және қолайсыз пункттерде жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын, таралуын болдырмау, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының аумағын жануарлардың аса қауіпті және экзотикалық ауруларын әкелуден және олардың таралуынан қорғау бойынша Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасының

Президенті жарлықтарының және Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының ветеринария саласындағы талаптарын орындау мәніне мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды күн сайын жүзеге асырады ;

185) жануарлар мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеуді жүзеге асырады ;

186) жануарлар аурулары бойынша эпизоотиялық мониторингті, эпизоотиялық ошақтар пайда болған жағдайда оларды тексеруді жүргізеді ;

187) халықаралық ұйымдардан алынған ақпаратты қоса алғанда, экспорттаушы елдің ғылыми негіздемесі қолда бар тиісінше ақпарат негізінде жеткіліксіз болып табылған жағдайда уақытша ветеринариялық-санитариялық шаралар енгізеді ;

188) аумақты немесе оның бір бөлігін аурулар таралмаған немесе аурулар аз таралған деп айқындайды, осы аумақтардан экспортталатын орны ауыстырылатын ( тасымалданатын) объектілерге мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады, импорттайтын елге растауды ұсынады және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген жағдайларда, оның өкілдерінің осы аумақтарда инспекциялау жүргізуге қол жеткізуін қамтамасыз етеді ;

189) Қазақстан Республикасында алғашқы рет өндірілетін (дайындалатын) және оның аумағына алғашқы рет әкелінетін (импортталатын) жемшөптік қоспаларын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады ;

190) Қазақстан Республикасының аумағында өндіруге (дайындауға), әкелуге ( импорттауға), қолдануға және өткізуге рұқсат етілген Жемшөптік қоспалардың мемлекеттік тізілімін жүргізеді ;

191) ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын тамақ өнімдерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы ветеринариялық құжаттарды береді ;

192) ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы нормативтік-техникалық құжаттаманың жобаларын келіседі ;

193) «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар береді ;

194) ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын тамақ өнімдерін өндіру объектілерінің есепке алу нөмірлерін береді және олардың тізілімін жүргізеді ;

195) мыналарға :

Қазақстан Республикасының ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы заңнамасында белгіленген



т а л а п т а р д ы ң

с а қ т а л у ы ң ;

тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін айқындау бойынша олардың ветеринариялық-санитариялық сараптамасын жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың қызметін мемлекеттік бақылауды және қадағалауды ұйымдастырады және жүзеге асырады ;

196) ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын тамақ өнімдерін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналымы, кәдеге жарату және жою процестерінің (сатыларының) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігін мемлекеттік бақылауды және қадағалауды ұйымдастырады және жүзеге асырады ;

197) ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын қауіпті тамақ өнімдерін өткізуді анықтау және оған жол бермеу жөніндегі шараларды әзірлеу мақсатында ішкі сауда объектілерін ветеринариялық-санитариялық бақылауды, қадағалауды және мониторингілеуді жүзеге асырады;

198) тамақ өнімдерін өндіру (дайындау) және айналымы процестерінде (сатыларында) ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады ;

199) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді.

18. Құқықтары мен міндеттері:

1) өз құзыреті шегінде орындалуы үшін міндетті нормативтік құқықтық актілерді қ а б ы л д а й д ы ;

2) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпаратты және материалдарды заңнамада белгіленген тәртіппен сұратады және алады;

3) қолданыстағы заңнамалық актілерде көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырады.

### **3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің қызметін ұйымдастыру**

19. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне басшылықты Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы м и н и с т р і жүзеге асырады .

20. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрін Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

21. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің Қазақстан

Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметінен босатылатын орынбасарлары болады.

22. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің өкілеттіктері:

- 1) реттелетін салада мемлекеттік саясатты қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді;
- 2) өз орынбасарларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;
- 3) ведомстволардың құзыретін және өзге де мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл тәртібін айқындайды;
- 4) ведомстволар актілерінің әрекет етуін толық немесе ішінара жояды немесе тоқтата тұрады;
- 5) Министрдің бұйрықтарына қол қояды;
- 6) Қазақстан Республикасының Парламентінде, мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің атынан өкілдік етеді;
- 7) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне келісуге келіп түскен нормативтік құқықтық актілердің жобаларын келіседі және бұрыштама қояды;
- 8) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінде жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға бағытталған шаралар қабылдайды және жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдау үшін дербес жауапты болады;
- 9) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

23. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

24. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын жауапты хатшы басқарады.

#### **4. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің мүлкі**

25. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым

салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

26. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

27. Егер заңда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **5. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігін қайта ұйымдастыру және тарату**

28. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## **Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің және оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдардың тізбесі**

### **1. Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар**

1. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Автоколонна 3041» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

2. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің «Фитосанитария» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

3. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Республикалық ветеринариялық зертхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

4. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Ветеринариядағы ұлттық референттік орталық» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

### **2. Акционерлік қоғамдар**

1. «Қазагрэкс» акционерлік қоғамы.

2. «Астана құс» ШҚ» акционерлік қоғамы.

3. «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы.

4. «ҚазАгроИнновация» акционерлік қоғамы.

### **3. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер**

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Ғимараттарға және көлікке қызмет көрсету дирекциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

## **Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің және оның ведомстволарының қарамағындағы аумақтық органдардың тізбесі**

1. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Ақмола облыстық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

2. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Ақкөл аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

3. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Аршалы аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

4. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Астрахан аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

5. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Атбасар аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

6. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Бұланды аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

7. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Егіндікөл аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

8. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Ерейментау аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

9. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Есіл аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

10. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Жақсы аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

11. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Жарқайың аудандық аумақтық

инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

12. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қорғалжын аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

13. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Сандықтау аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

14. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Целиноград аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

15. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Шортанды аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

16. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Еңбекшілдер аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

17. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Зеренді аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

18. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Бурабай аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

19. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Көкшетау қалалық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

20. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Степногорск қалалық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

21. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Ақтөбе облыстық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

22. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Әйтеке би аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

23. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Алға аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

24. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Байғанин аудандық аумақтық











инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

77. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Ұлан аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

78. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Үржар аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

79. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Шемонаиха аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

80. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Риддер қалалық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

81. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Семей қалалық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

82. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Курчатов қалалық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

83. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Өскемен қалалық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

84. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Жамбыл облыстық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

85. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Байзақ аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

86. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Жамбыл аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

87. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Жуалы аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

88. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қордай аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

89. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Тұрар Рысқұлов аудандық аумақтық



инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

103. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қаратөбе аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

104. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Сырым аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

105. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Тасқала аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

106. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Теректі аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

107. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Бөкей ордасы аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

108. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Шыңғырлау аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

109. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Орал қалалық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

110. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қарағанды облыстық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

111. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Абай аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

112. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Ақтоғай аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

113. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Бұқар жырау аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

114. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Жанаарқа аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

115. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қарқаралы аудандық аумақтық







инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

155. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қармақшы аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

156. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Сырдария аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

157. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Шиелі аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

158. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қызылорда қалалық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

159. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Маңғыстау облыстық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

160. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Маңғыстау аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

161. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қарақия аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

162. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Түпқараған аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

163. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Бейнеу аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

164. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Жаңаөзен қалалық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

165. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Ақтау қалалық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

166. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Мұнайлы аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

167. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Павлодар облыстық аумақтық





инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

181. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Солтүстік Қазақстан облыстық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

182. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Айыртау аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

183. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Ақжар аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

184. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Аққайың аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

185. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Мағжан Жұмабаев аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

186. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Есіл аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

187. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Жамбыл аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

188. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қызылжар аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

189. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Мамлют аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

190. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Шал ақын аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

191. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Тайынша аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

